

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы өңіраралық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 5 шілдедегі № 416 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2017 жылғы 23 наурызда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы өңіраралық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Б.Сағынтаев

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2017 жылғы 5 шілдедегі

№ 416 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы өңіраралық ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ

(2017 жылғы 15 шілдеде күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2017 ж., № 4, 57-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі

2013 жылғы 14 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы шартты басшылыққа ала отырып,

екі ел арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық және басқа да ынтымақтастық салаларын толық ауқымды дамыту қажеттілігін мойындай отырып,

жергілікті деңгейде өзара іс-қимылдың өзекті мәселелерін жедел реттеу мен тарихи қалыптасқан байланыстарды тереңдетудегі өңіраралық ынтымақтастықтың практикалық маңыздылығы мен әлеуетін атап өте отырып,

екі ел өңірлерінің әртүрлі қызмет салаларында өзара іс-қимылын қамтамасыз ете алатын және шаруашылық жүргізуші субъектілердің дамып келе жатқан байланыстарын жандандыра алатын қолайлы жағдайлар жасауға және өңіраралық ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін нығайтуға ұмтыла отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің заңнамасына және өз мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларда, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, туризм және қоршаған ортаны қорғау салаларында, сондай-ақ өзара мүдделілікті білдіретін басқа да бағыттарда өзара тиімді өңіраралық ынтымақтастықты кеңейтуге және дамытуға ықпал етеді.

2-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын терминдердің мынадай мағыналары бар:

"өңірлер" – Қазақстан тарапынан: ұлттық заңнамаға сәйкес айқындалатын өңірлер; Өзбекстан тарапынан: Өзбекстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктері.

"құзыретті органдар" – осы Келісімді іске асыруға байланысты мәселелерді шешу бойынша өңірлік даму саласындағы құзырет және өкілеттіктер берілген Тараптар мемлекеттеріндегі билік органдары.

3-бап

Тараптар, сондай-ақ құзыретті органдар өңіраралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және үйлестіру мақсатында:

өңірлер арасында байланыстар орнатуға және іске асыруға;

осы Келісімді практикалық іске асыруға бағытталған бірлескен іс-шаралар жоспарларын, іс-қимылдар бағдарламаларын және "жол карталарын" әзірлеуге және іске асыруға;

қажет болған жағдайда бірлескен жұмыс топтарын құруға және өңіраралық өзара іс-қимылдың ағымдағы жағдайы мен жетілдіру перспективаларын талқылау жөніндегі өңірлер деңгейіндегі тұрақты консультациялар тетігін жолға қоюға;

өзара мүдделілік білдіретін ынтымақтастықтың өзге де нысандарына жәрдемдеседі.

4-бап

Құзыретті органдар өңірлердің ұйымдары мен кәсіпорындары арасында өзара тиімді сауда байланыстарын күшейтуге ықпал етеді. Бұл мақсатта олар өз құзыреті шегінде және өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес:

ұйымдар мен кәсіпорындар арасында тікелей байланыстар орнатуға, бірлескен кәсіпорындар құруға, кәсіпкерлік құрылымдарға тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізуге өзара қолайлы келісімшарттар жасасуға жан-жақты қолдау көрсетуге бастамашылық жасайды;

кәсіпкерлік пен іскерлік орта өкілдерінің қатысуымен кездесулер, форумдар, бизнес-семинарлар, конференциялар, симпозиумдар, көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастырады;

өз өңірлерін экономикалық дамытудың басым жобаларын іске асыруда бір-біріне қолдау көрсетеді, оның ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің күш-жігерін үйлестіру арқылы қолдау көрсетеді;

бірін-бірі өз елдерінің заңнамаларындағы өзгерістер және жүзеге асырылып жатқан экономикалық реформалар туралы ұдайы хабардар етеді;

өзара сауданы ұйымдастыруда туындайтын қиындықтарды ұдайы бірлесіп талдайды және тиісті ұсыныстар әзірлейді.

5-бап

Құзыретті органдар өңірлер арасында тікелей туристік алмасуды ұйымдастыруға, туризм саласында өңірлердің тартымдылығын арттыруға бағытталған бірлескен бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға жәрдемдеседі.

Құзыретті органдар іскерлік белсенділікті арттыру және өңірлерге туристік ағынды ұлғайту мақсатында көлік қатынасын жақсартуға және инфрақұрылымды дамытуға ықпал етеді.

6-бап

Құзыретті органдар қалалар әкімшіліктерінің арасындағы кәсіби байланыстарды дамытуға және өңірлерде жергілікті басқарудың тиімділігін арттыру, сондай-ақ олардың алдында тұрған ұқсас міндеттерді шешуде тәжірибе алмасу мақсатында жергілікті басқарудың озық тәжірибесін таратуға жәрдемдеседі.

Құзыретті органдар қала құрылысы, ірі қала құрылысы жобаларын жоспарлау мен қаржыландыру практикасы бойынша ақпарат алмасу салаларында ынтымақтастықты дамытады.

7-бап

Құзыретті органдар қоршаған ортаны қорғау, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелерінде өзара іс-қимыл жасайды және табиғат қорғау мәселелерін басқару саласында прогрессивті тәжірибені енгізуге ықпал етеді.

Құзыретті органдар сумен және энергиямен жабдықтау және ағынды суды тазалау, тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтарды кәдеге жарату, сондай-ақ энергия үнемдеу технологиялары салаларында ынтымақтастықты дамытады.

8-бап

Құзыретті органдар өте жақсы өзара түсіністікке қол жеткізу, ынтымақтастық пен достықты нығайту үшін тарихпен және мәдениетпен өзара танысу мақсатында әртүрлі деңгейлерде тұрақты байланыстарды сақтайды.

Құзыретті органдар өңірлердің әлеуметтік-мәдени және шаруашылық-экономикалық өмірінің бұқаралық ақпарат құралдарында объективті жариялануына ықпал етеді.

Құзыретті органдар жобаларды және өңірлердің ұлтаралық қатынас, дінаралық және мәдениетаралық диалог мәдениетін нығайту, сондай-ақ этномәдени даму

саласындағы ынтымақтастығын дамытуға бағытталған өзге де іс-шараларды іске асыруға көмек көрсетеді.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде туындауы мүмкін кез келген даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер мен консультациялар арқылы шешеді.

10-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын және бөлек хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және бір Тарап осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы басқа Тараптың жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап алты ай өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату оның қолданылу кезеңінде жүзеге асырыла бастаған және оның қолданылуы тоқтатылған сәтте аяқталмаған жобалар жөніндегі Тараптардың міндеттемелерін қозғамайды.

2017 жылғы "23" наурызда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіндер тең түпнұсқалы болып табылады.

Мәтіндер арасында алшақтық болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі Үшін*

*Өзбекстан Республикасының
Үкіметі Үшін*